

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Жаңақорған кенті әкімінің 2020 жылғы 5 ақпандағы № 988 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 6 ақпанда № 7238 болып тіркелді

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1-бабының 7) тармақшасына және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Жаңақорған аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 50 ұсынысына сәйкес Жаңақорған кентінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кентінің М. Көкенов көшесіндегі № 158, 160, 164 тұрғын үйлер ауласына иттер арасында жануарлардың құтырық ауруының пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Жаңақорған кент әкімінің міндетін
уақытша атқарушы*

Е. Сейлов